БЕКІТЕМІН:

МКҚК «Аяулым»

Б/б меңгерушісі _____ С.Әзімова

Педогоикалық кеңес
№ 1хаттама

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Педогогикалық кеңес хаттама № 1

27.08.2022 ж.

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
4. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы.
5. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту.
6. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.
7. Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекіту.
8. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіту, комиссияның құрамын сайлау.
9. Тәрбиешілерді топтарға бекіту
10. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекіту.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогикалық кеңес хатшысын сайлау, туралы балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз алды.

Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әуелі педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алуды ұсынды. Хатшылыққа балабақша әдіскері Г.Ганиева ұсынды. Педагогтар бір ауыздан келісіп сайлады.

2.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер Г.Ганиева айтып өтті.

Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын түзіп, күн тәртібі барысында балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде түрлі тақырыпта кеңестер беріп отырды. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынас орнаған.Жас мамандармен жаз мезгілінде де жұмыс жүргізіледі. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтарды ұйымдастыру кезінде ақыл- кеңестер беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз алды Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп біршама жұмыстарға тоқталып өтті.

1.Тыңдалды:балабақша әдіскері:О.Айтмырзаева

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту

Ересек тобы

4-5 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	2	-	8	72
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	**6 сағат**	**-**	**24**	**216**

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Ортанғы топ

3-4 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	**4 сағат**	-	**20**	**180**

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және

басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Кіші топ

2-3 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
3	Сенсорика		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	**4 сағат**	-	**16**	**144**

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес)арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің2022 жылғы 9 қыркүйектегі.

Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгіұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.осылай егжей тегжей таныстырып өтті.Күн тәртібінде осылай таныстырп бекітіп берді.

Тыңдалды алтыншы мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі: С.Әзімова Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту,**Мақсаты:**жасмамандарға педагогика мен психология саласындатеориялықжәнепрактикалықмәселелербойыншаәдістемеліккөмек пенжекекеңестерберудіөткізудіұйымдастыру.
Жасмамандардыпедагогикалықізденістергеүйрету, ұстаздықшеберліккетәрбиелеу, қазіргізаманталаптарына сай жаңаұйымдастырылғаноқуіс-әрекетінеқойылатынталаптардыменгерту.**Міндеттері:**

- оқытуүрдісіндеізгілендіру мен демократияландырудыбасшылыққаалу;

- жаңазаманталабынақойылатынталаптардызерттеу;

- педагогикалықжаңашылдықтыүйрену, меңгеружәнедамыту педагогтарға мақсатымен міндетімен таныстырып өтті. **Тыңдалды**:балабақша меңгерушісі: С.Әзімова жетінші мәселе бойынша Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітіліп берілді.
Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекітіп, комиссияның құрамын сайланды.Тәрбиешілерді топтарға бекіту мәселесі 4 топ тарбиешілер бекітілді. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекітілді Жылдық жоспар негізінде.

Қаулы:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлансын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
3. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерілсін.
4. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекітілсін.
5. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекітілсін.
6. Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітілсін.
7. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлансын.
8. Тәрбиешілерді топтарға бекітілсін.

Жиналыс төрайымы: С.Әзімова
Хатшшы Г.Ганиева

БЕКІТЕМІН:

МКҚК «Аяулым»

Б/б меңгерушісі: _____ С.Әзімова

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
№2 ХАТТАМА

2022-2023ОҚУ ЖЫЛЫ

Педогоикалық кеңес Хаттама №2

28.11.2022 ж.

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.
4.Баяндама: «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу».
5. «Табиғат бұрышындағы гүлдер» көрмесінің қорытындысы.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері Г.Ганиева сөз алды.

Құрметті тәрбиешілер жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп,таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапқа сай жұмыс жүргізіп келеді.

2.Тыңдалды: Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау туралы айтылды.

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сақтау жүйелілігін көру мақсатында 2022 жылдың 21-23 қараша күндері аралығында Ерте жас тобы «Балапан», кіші жас тобы «Балбөбек», ортаңғы топ «Айгөлек» «Балауса», ересек топтарында «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Тексеру барысында:

Топтардың іс құжаттарынан бастапқы мониторинг, апталық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Құжаттар талапқа сай жүргізілген. Тәрбиешілер апталық тақырыпқа сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрнекіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді.

Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамақтану, ұйықтау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын құрайды және олар қайталанып отырады.

Кіші жас «Балбөбек» тобының тәрбиешілері К.Махаева тәрбиеленушілерімен қатар бір күндік күн тәртібі тексерілді. Балаларды балабақшаға қабылдау, тексеру, ойындар мен ертеңгілік гимнастикаға бақылау жасалды. Балалар өз уақытынан кеш келіп жатты. Тәрбиешілердің ата- аналармен қарым-қатынас жасау барысында балаларды балабақшаға уақытпен алып келулерін ескертіп айту керек еді. Сонымен қатар ортаңғы топ «Айгөлек» тобының ұйымдастырылған іс әрекеттеріне қатыса отырып, тәрбиеші А.Амангалиева тәрбиеленушілермен жүргізген жұмыстары қаралды. Тәрбиеші іс әрекетін ойын арқылы балаларға қызықты етіп өткізді. Іс әрекеті аяқталысымен балаларды серуенге апаруға дайындалды. Серуен барысында табиғаттағы өзгерістермен таныстырып, еңбекке баулыды. Содан соң балаларды ойынға шақырып, қызықты ойындар ұйымдастырды.Сағат 11.30-да балаларды ішке кіргізіп гигиеналық шаралар жүргізді. Балалар өз беттерінше шешінуді, қолдарын жууды меңгеріп қалған. Игере алмаған балаларға тәрбиеші өзі көмек беруде. Ас адамның арқауы демекші жуынып болған соң балалар тамақтануға отырды.

Балалардың отыруына, қалай тамақтану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Күннің екінші жартысында ортаңғы топ «Айгөлек» тобының тәрбиеленушілерінің ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары қаралды. Ортаңғы топ «Айгөлек» тобының тәрбиешісі А.Амангалиева балалармен шынықтыру шараларын жасады. Балалар төсекте жатып гимнастикалар орындады. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті –қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамақтанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шығуға дайындалды. Балалар сыртқа шығып түрлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек «Балауса» тобы мен кіші жас топ «Балбөбек» тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды қабылдауынан бастап, таңертеңгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастыруына бақылау жасалды. «Балбөбек» тобының тәрбиешілері К.Махаева жіберілген қателіктерін көрсете отырып, келесіде болдырмау керектігі ескертілді. Балалар таңертеңгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиелен,,ушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересек «Балауса» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қимылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші А.Шадиева балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп,өз беттерінше шешініп, жуынуға кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды

3. Тыңдалды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Ересек «Балауса» тобының тәрбиешісі А.Шадиева "Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша "Ертегілер еліне саяхат" тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті. ҰІӘ шаттық шеңберінен басталды. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тәрбиеші суреттер пайдаланды, балаларға сұрақтар қоя отырып сұхбат жүргізді.. Ортаңғы «Айгөлек» тобының тәрбиешісі А.Амангалиева «Ойыншықтар» тақырыбында ҰІӘ өткізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сөйлеу мәнері қолданылған әдіс-тәсілдері балалардың сөйлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген баға қойылды. Кіші жас «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Махаева Кенжегүл «Үй жануарлары» тақырыбында ҰІӘ өткізді. Балалардың саусақ маторикасы дамитын түрлі тапсырмалар орындатты.

Балалармен кірпінің баласын ермексаздан жасады. Тәрбиешілердің жұмыстары сараланды. Ашық ҰІӘ талапқа сай өтті. ҰІӘ жақсы дайындалған.

4.Тыңдалды: «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу» тақырыбында баяндама оқыды.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Білім, тәрбие жұмысына жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану инновация деп аталады. Инновация – жаңалыққа талпыну, бұл сән немесе еліктеуін емес, қатал шындық, өмір қажеттігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең

өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріп жатқаны да белгілі.

Қазір педагогика ғылымында «оқутыдың жаңа технологиясы», «оқытудың инновациялық технологиясы» деген ұғымдар кеңінен қолдануда.

Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр.

Кез келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады.

«Педагогикалық технология – оқыту мен тәрбие құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы» Б.Т.Лихачев.

«Алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибеде жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы». В.П.Беспалько.

«Инновация » термині педагогикада қазіргі таңда кеңінен қолданылуда. Югославияның педагог ғалымы К.Ангеловский педагогика инновация мәселесін терең түрде зерттеген. Ол инновация терминінің экономика немесе техника ғылымдарынан педагогика саласына келген дейді де, «кейбір педагогтар инновация терминінің орнына реформа, жаналандыру, жетілдіру, оптимизация, оқыту модернизация ұғымдарын пайдаланады»,-деп көрсетеді.

Инновация дегеніміз – мазмұнды жанашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз – инновациялық мазмұнды дамыту, жананы ұйымдастыру, ал «жанаша» жегеніміз жана мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Г.В.Селевко «инновациялық педагогикалық технологияны» үш жақты сипатын былай белгілейді:

- ғылымилық:педагогикалық технология – оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдіс-тәсілдерін жасайтын, педагогикалық үдерісті жобалайтын, оларды зерттейтін педагогика ғылымының саласы;
- үдерісті сипаттаушы: үдерісті сипаттау (алгоритмі) оқытудың жоспарланған нәтижесіне жетуде қолданылатын мақсат, мазмұн, әдіс-құралдар жиынтығы;
-үдерісті іс-әрекеттік:технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық тұлғалық, құралдық және әдеснамалық педагогикалық құралдардың жұмысы.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;
- тиімділігі, жүйелілігі және басқада жақтары.

Инновациялық технологияны пайдалануды төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады.

1- кезең – оқып үйрену.

2-кезең – меңгеру.

3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану.

4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Енді инновациялардың мектепке дейінгі ұйымдарда пайдаланатын кейбіреуіне тереңірек тоқталайық. А.С.Макаренка айтқандай «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің, қандай маңызы болса, өскен соң жұмыста да сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Оқу үдерісінде ойын оқытудың әрі формасы, әрі әдісі де болып табылады, сол себепті ойын әрекеті тәрбиешімен баланың іс-әрекетінің бірлескен, өзара байланысты технологиясының дидактикалық категориясы ретінде де қарастырылады. Педагогтар ойын үстінде бала санасын дамыту, тәрбиелеу, оқыту қатар жүргізіледі, оны бала

белсенділікпен және аскан ыждағаттылықпен қабылдайтындықтан, ойындарды оқу үдерісінде міндетті түрде енгізу жайлы айтады.
Қазіргі заманғы Қазақстандық білім беру үлгісіне көшуде және әлемдік білім кеңістігіне енуде кәсіби білікті, құзыретті тәрбиеші – педагог қана өз жұмысын жаңадан құрып, жоғары нәтижелерге жете алады.

5. Тыңдалды:«Табиғат бұрышындағы гүлдер» көрмесінің қорытындысы туралы балабақша әдіскері С.Әзімова сөз алды.

Балабақшаның барлық топ тәрбиешілері көрмеге өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың мақсаты жеке тұлғаның табиғи қажеттіліктерін ынталары мен белгілерін қалыптастыру, табиғат қамқоршылары қатарын молайту, тәрбиешінің еңбектік, эстетикалық мәдениетін, экологиялық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізе отырып, эксперименттік жұмыстар көп жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
2. ҰІӘ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілсін

Жауапты тәрбиешілер: К.Махаева, А.Амангалиева,

Балабақша меңгерушісі: С.Әзімова

Хатшы: Г.Ганиева

Бекітемін:

МКҚК «Ақбұлым»

Б/б меңгерушісі: С. Өзімова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№3ХАТТАМА

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Пдогогикалық кеңес

Хаттама №3

05.12.2022ж

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткен іс-шараларды талдау;
3. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау;
4. Баяндама: «Балабақшада инклюзивті білім беру».

1. Тыңдалды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметші қамтамасыз етуде МД жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Сондықтан балалармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жылына 3 рет диагностика жүргізіледі. Қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізіліп диагностика нәтижелері балалардың бақылау парағына енгізілген болатын. Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзеу жұмысын жүргіту үшін педагогикалық процесінің міндеттері мен мазмұнын айқындалады. Барлық топ тәрбиешілері мен сол топта жұмыс жасайтын педагогтар күн тәртібі барысында диагностика нәтижелерінің қорытындысы бойынша түзету жұмыстарын жүргізуде.

Жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Құрметті ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болып, балабақша өміріне белсенді араласып тұратын ата-аналар комитетінің төрағасы немесе төрайымын және мүшелерін сайлап алу керектігін айтты. Жалпы комитеттің жұмысымен және жалпы міндеттерімен таныстырды. Ата-аналар ұсыныстары бойынша ата-аналар комитетін ұйымдастыру болып табылды. Ата-аналар комитетінің төрайымы бір ауыздан .А Белгібаева. болып сайланды.

Балабақша әдіскері Г.Ганиева «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында баяндама оқыды. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет .

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

2. Тыңдалды. Өткен іс-шараларды талдау бойынша балабақша меңгерушісі Г.Ганиева сөз алды.

25 қазан Республика күніне орай ортаңғы және ересек топтарды ҰІӘ өтті. Басты мақсат: балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту ''Отан '' туралы түсініктерін кеңейту.

ҰІӘ тәрбиешілері жақсы дайындалған. Бейнероликтер мен суреттер көрсетіп балаларға Республика күні Қазақстан туралы түсінік берді. Балалар тақырыпқа сай тақпақтар айтып әндер орындады.

Және де биылғы оқу жылының жылдық жоспарына сай ересек және ортаңғы топтарда Елбасы күніне мерекелік іс-шаралар өтті. Зал мерекеге сай безендірілген тәрбиешілер мен, балалар мерекелік киім киген. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтты. Бірақ ортаңғы «Айгөлек» ересек «Балауса» топтарының дайындығы аздау болған сияқты. Келесі іс-шараларға көп көңіл бөліп жауапкершілікпен дайындалады деген сенімдемін.

3. Тыңдалды. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау туралы балабақша меңгерушісі С.Әзімова айтып өтті.

Құрметті әріптестер, алда тағы бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланған. Тәуелсіздік күніне ортаңғы және ересек топтар ашық ҰІӘ мен іс шараларға жауапкершілікпен дайындалыңыздар. Жаңа жылда мерекелік іс шара өткізесіздер. Тәрбиешілер өз жоспарларын ортаға салып, бөлісті. Қажетті түзетулер енгізілді.

4. Тыңдалды. «Балабақшада инклюзивті білім беру» тақырыбында тәрбиеші ..А.Амангалиева. баяндама оқыды. Инклюзивті оқыту- мүгедек пен дамуында сәл бұзылушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту – барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепке және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, олардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

нклюзивті оқытудың -негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту әлі де өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына жағдай жасау қажет.

Ал, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу ерекшелікті қажет етеді. Ата-ананың тарапынан ұстамдылық, шыдамдылық, төзімділік, сабырлық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Отбасының бала тәрбиесіндегі алар орнын халқымыз « ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің» деген даналық оймен түйе білген. Кемістің түріне де және күрделілік деңгейіне байланысты балаларды тәрбиелеу мүмкіндігі де өзгеріп отырады.

Арнайы әдістерді пайдалана отырып, тәрбиеші бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді тікелей түзетуге ықпал етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу

кезінде жаттығу түзетудің арнайы әдістерінің бірі болып табылады. Жаттығуларды орындай отырып бала өзін ортада дұрыс ұстауға, мейірімділікке, төзімділікке үйренеді. Бірақ жаттығуға толығымен жүгінуде балаларды агрессияға, мінезіндегі қиқарлықты тудыруы мүмкін.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, жаңа жылдық іс шара жоспарға сай өткізілсін. Жауапты:тәрбиешілер. А.Амангалиева. К Махаева

Балабақша меңгерушісі: – С.Әзімова

Хатшы: Г.Ганиева

Бекітемін:

МКҚК «Аяулым»

Б/б меңгерушісі _____ С.Әзімова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№4 ХАТТАМА

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Хаттама №4

14.04.2023жыл

Қатысқаны: 9

Тақырыбы: Құзіретті педагог-жаңа формация педагогы

Күн тәртібінде:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға
3. Педагогтер портфолиосын ресімдеу
4. Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы
5. «Балаларды қабылдауды ұйымдастыру» жедел тексеру қорытындысы

1.Тыңдалды: №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
Сөйледі: Әдіскер Г.Ганиева мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бақылауға алынып, балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны анықталды. Вариативтік компонент бағдарламалары күннің екінші жартысында кестеге сай жүргізілуде. , «Балауса» ересектер топтарында орыс тілін меңгерту бойынша вариативтік компонент барысында жұмыс жүргізілуде. Мамыр айында өтетін балабақшамен қоштасу кешінде балалар орыс тілінде ән, тақпақтар айтып беруге дайындалуда,-деді.

2.Тыңдалды: Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға
Сөйледі: Әдіскер Г.Ганиева қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алудамыз. Білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас, басқаша қарым қатынас пайда болды. Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына көңіл бөлінуде. Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеріп, жаңа формация мұғалімі болу- заман талабы. Жаңа формация педагогы деп кімді атаймыз?

1. Педагог үздіксіз ізденуші
2. Педагог дамушы шығармашыл тұлға
3. Педагог өз ісінің шебері
4. Педагог әділ, еңбекқор тәрбиеші
5. Маман-педагог

Бүгінгі таңда жаңа формация педагогіне қойылатын талап та жоғарылады. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация педагогы – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Құзіреттілік латын тілінен аударғанда «компетенс» яғни, өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек талдайтын болсақ, онда «құзыр» – тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ал «құзырлық»–адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды меңгеруі. Құзырлылық белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Педагогтың кәсіби құзіреттілігі оның білімінің жан-жақтылығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны меңгеруімен өлшенед,- деді.

3.Тыңдалды: Тәрбиеленушілер жетістігі-ізденімпаз ұстаз еңбегінің нәтижесі

Сөйледі: тәрбиеші К.Махаева «Келер ұрпақтың алдында зор жауапкершілік арқалап келеміз» деген Елбасымыздың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Сонымен қатар, ұстаз шәкірттерін де үнемі сайыстар мен байқауларға қатыстырып, жүлделі орындар алуға ұмтылу қажет. Бұл жағдайда ата-аналармен жұмысты күшейту керек. Бүгінгі таңда мектепте мұғалім көп, өкінішке орай ұстаз аз.Нәтижелі еңбегімен ұлағатты ұстаздардың қатарын толықтыратын мектебіміздің осындай ұстаз шыққандығына мектеп қауымы біздер дән ризамыз. Ұстазға тек жалықпай , ізденісін тоқтатпай ұстаздықтың ұлы жолында ұлы абыройға кенеліп, шәкірт тәрбиелей беруге зор тілек білдіреміз,-деді

4. Тыңдалды: Педагогтер портфолиосын ресімдеу
Сөйледі: әдіскер Г.Ганиева педагог портфолиосы – педагогтардың кәсіби деңгейін көрсетуші материалдарды тіркеп жинақтау және өзінің кәсіптік қызметінің міндетін шешу қабілеті болып табылады. Педагогтың портфолиосы арнайы папкада жинақталады. Портфолиода педагогтың жетістіктері, басылымға жіберілген мақалалар, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен презентациялар, өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданылатын әдістер, технологиялар көрсетіледі. Портфолио жинақтаудың басты міндеті – әрбір педагог өзінің кәсіби құзіретін бағалау үшін практикалық қызметтің барынша маңызды нәтижелерін көрсету, орындалған жобалар, конкурстарға қатысу, педагогикалық жүргізген зерттеулер. Портфолио педагогтың жұмыс нәтижесін талдауға, жалпылауға, жүйелеуге, өз мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауға және қиындықтардан шығу жолын табуға, жоғары нәтижелерге жету жолындағы іс-әрекеттерін жоспарлауға мүмкіндік береді, - деді.

Сөйлеген:
А.Амангалиева: әдістемелік бірлестік жетекшісі ретінде педагогтарға портфолио жинақтауда қандай көмек көрсетілуде?
Г.Ганиева: барлық педагогтарға портфолио жинақтаудың үлгісін беріп, түсіндіріп айттым. Қазір педагогтар портфолиоларын жинақтап, дайындап қойды.

4. Тыңдалды: Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы
Сөйледі: тәрбиеші А.Шадиева «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да, алғарымпаз, ақыл иесі, ... мейлінше шешен, өнер білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болу керек» - деген Әл-Фараби. Мұғалім әрдайым даму үстінде сондықтан өзінің еңбек жолының барлығында зерттеуші болып табылады. Әсіресе мұғалімнің кәсіби шеберлігін қалыптастыру барысында ғылыми-әдістемелік іс- әрекет үлкен әсерін тигізеді. Бұл іс-әрекет болжамы: білім саласында болып жатқан қазіргі кездегі өзгерістермен әрдайым танысу; өз әріптестерінің әртүрлі формадағы ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру тәжірибесін оқып үйрену; жаңа білім тұжырымдамасымен, бағдарламаларымен т.б. танысу. Өзінің педагогикалық шеберлігін арттыру үшін педагог әртүрлі курстарға қатысады, сол сияқты өз білімін арттырумен шұғылданады. Өзіндік білім жетілдірдің мақсатының өзі оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену. Өз білімін арттыру педагогтың тұрақты іс-әрекеті болғандықтан, оған кіретіндер: белгілі мәселеге байланысты ғылыми зерттеу жұмысы; кітапханаға бару, ғылыми – әдістемелік және оқу кітаптарын оқу; педкеңеске, әртүрлі семинарларға қатысу; өз әріптестерінің ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу, ұйымдастырылған оқу қызметтерін жүйелі ұйымдастыру; қазіргі білім беру технологияларының негіздерін оқып-үйрену болып табылады. Бізде барлық педагогтар өзіндік білім жетілдіру папкаларын дайындап, өз тақырыптарына байланысты педагогикалық кеңестерде, әртүрлі сайыстарда баяндамаларымен бөлісіп келеді,-деді.
Сөйлегендер:
Г.Ганиева: Ожеговтың анықтамасы бойынша өз білімін арттыру дегеніміз «Басқаның көмегінсіз,өз бетімен дайындалу арқылы білімін арттыру, кәсіби-әдістемелік білім мен біліктілігін тереңдетуге және кеңейтуге, пәндік дайындық деңгейін көтеруге бағытталған». ҚР «Білім» туралы Заңының 51-бабының 5-тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті», - делінген. Педагогтың еңбегі жоғары деңгейдегі ұтқырлығымен, күрделілігімен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді, бұл оның терең және кәсіптік

біліміңің, білік-дағдыларының болуын қажет етеді. Өзіндік білім алудың шеңберінен тыс педагогтың тұлғалық және кәсіптік дамуы мүмкін емес. Қазіргі кезде кейбір педагогтарымыз өздерінің зейнеткерлікке жақын қалғандарын айтып көп сайыстарға қатысқысы келмейді. Сіздер қазір жұмыс істеп отырсыздар. Сондықтан жұмыстан кеткенше өз білімдеріңізді толықтырып, алдарыңыздағы тәрбиелеп отырған бүлдіршіндерге заман талабына сай білім мен тәрбие берулеріңіз керек. Сондықтан үнемі ізденіс үстінде болуларыңыз қажет,-деді.

5. Тыңдалды: «Балаларды қабылдауды ұйымдастыру» жедел тексеру қорытындысы.
Сөйледі: әдіскер Г.Ганиева 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарына сай 2023 жылдың 28-30 наурыз күндері аралығында ортаңғы және ересек топтарда «Балаларды қабылдауды ұйымдастыру» тақырыбында жедел тексеру жүргізілді. Талдауға қойылған мәселелер: санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы, балалардың өзін-өзі ұстау мәдениеті, бақылаудың ұйымдастырылуы, ойын әрекеттері,, балалармен жеке жұмыстың ұйымдастырылуы. Тексеру нәтижесі: топтарда балаларды қабылдауды ұйымдастыру орташа деңгейде жүргізіледі. Санитарлық-гигиеналық талаптар орындалады. Құралдар, ойыншықтардың жағдайы қанағаттанарлық. Еңбек, ойын іс-әрекеттері ұйымдастырылады. Тексеру нәтижесі бойынша топ тәрбиешілеріне, балалармен ұйымдастырылатын еңбек әрекетін дамыту, жеке жұмысты педагогикалық диагностика нәтижесіне сәйкес ұйымдастыру секілді ұсыныстар айтылды.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.
2. Педагогтардың үздіксіз ізденіп, өздерін жан-жақты дамытуына әдістемелік көмек көрсету.
3. Педагогтардың портфолиоларын толықтырып, педагогикалық кеңеске дайындау.
4. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша шығармашылық есеп дайындалсын.
5. «Балаларды қабылдауды ұйымдастыру» жедел тексеру нәтижесі бойынша айтылған ұсыныстарды негізге ала отырып жұмыс жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: **Г.Ганиева**

Хатшы: **Г.Ганиева**

БЕКІТЕМІН:

МКҚК «Аяулым»

Б/б меңгерушісі _____ С.Әзімова

Педогоикалық кеңес
№ 5 хаттама

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМА № 5

23.05.2023 ж **Жиналғандар саны –9**

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Мерекелерді талқылау.
3. Оқу жылындағы тәлімгер мен жас маман жұмысының қорытындысын талдау.
4. Қорытынды мониторинг нәтижесі.
5. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

Т ы ң д а л д ы : балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова өткен кеңестің қаулылыларының орындалуына есеп берді. Аналар күніне арналған онлайн ертеңгілік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендей үйде бәйшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Дайындық аз болған, карантин уақытында балалар көбіне үйде болған соң,тақпақтарды жаттау қиынға соққан, алдағы уақыттарда тәрбиешілер балалармен өздері жұмыс жасап, бұдан кейінгі сайыстар көңілден шығуға тырысар,-деп аяқтады. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.
Балабақшада «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын шымыр денеміз» мерекесін ұйымдастырылғанын, ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтеріңкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.
Сонымен бірге «Аю мен маша» ертегі мен «Денсаулық еліне саяхат» тәрбие сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтылды.
Сөйледі: Балабақша әдіскері Ганиева Гүлжамал
Жас маман жетекшісі К.Махаева жауапты тәрбиеші ретінде бірігіп жасаған жұмыстарын қорытындылайтын болсақ , тәлімгер оқу жылы басынан перспективалық жоспармен, циклограммамен, күнделікті ҰОҚ мен қалай жұмыс жүргізуін үйреткен. Ашық ҰОҚ-не қатысып, өздеріне берілген тапсырмаларды орындап отырды.

Жаңа жыл мерекесі, 8наурыз –Аналар мерекесі күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би,ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті.

Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындап отырды.
Сөйледі : Тәлімгер А.Амангалиева туралы айтар болсам өткен жылдан бері айтқанды дұрыс қабылдайды. әдістемелік,шығармашылық шеберлігі арта түскені,үнемі ізденіс үстінде білмегенін сұрап білуге тырысатыны ,үлкендерді сыйлауы, ата-аналар, балалармен қарым қатынасы өте жақсы деп бағалай аламын.
Өз басын көпшіліктің ортасында дұрыс алып жүру, ұжымда сыйлы, жарқын мінезді ,адал,болашағынан көп үміт күтетін ұстаз болатынына сенімім зор.
Жалпы қорыта келе айтарым болашақта аға ұстаздардың ізің басушы ,жаңа заманға сай интернет,компьютор,электронды ақпараттар арқылы жұмыс жасай алатын,өз білімін жетілдіре білетін,шығармашыл ізденісте қажымайтын, ұстаз болуға бейімделіп , жаңа технологиялардың қыр сырын менгеріп аша алатын, жас маманның бірі болады деп бағалаймын.

3. **Тыңдалды :** Қорытынды мониторинг бойынша балабақша әдіскері Ганиева Гүлжамал сөйледі. Қорытынды бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді. Әр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парағында білім беру саласы бойынша толтырады. Содан соң топ бойынша Жиынтық есеп жасалады , ол білім беру ұйымы бойынша Жиынтық есеп жасау үшін әдіскерге беріледі. Диагностика нәтижелері бойынша педагог баланың үлесін есептейді..

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады.

Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстің міндеттері мен мазмұнын айқындайды.

Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін ғана қолданыла алады:балалар тобымен жұмысты белсендендіру.

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Әзімова Сейсенкүл жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті.Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жарақаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

Қаулы:

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. 2022-2023 оқу жылындағы тәлімгер К.Махаева жас мамандармен жүргізген жұмысына қанағаттанарлық деген баға берілсін;

3. Қорытынды мониторинг бойынша төмен деңгейдегі балалармен жеке даму жұмыстары жүргізілсін.
4.Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын сақтау қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы: С.Әзімова

Хатшысы: Г.Ганиева